

ISSN 2616-678X

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

BULLETIN

of the L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Серия **ФИЛОЛОГИЯ**

PHILOLOGY Series

№2 (123) / 2018

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Астана, 2018

Astana, 2018

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф. (Қазақстан)

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф. (Әзербайжан)
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф. (Қырғызстан)
Бахтикиреева Улданай	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Беженару Людмила	ф.ғ.д. проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., (Қазақстан)
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Жаң Динжиң	PhD, проф. (Қытай)
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Ержласун Гүлжанат	PhD, ассос. проф. (Түркия)
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф. (Германия)
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф. (Өзбекстан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (АҚШ)
Сәтенова Серікгүл	ф.ғ.д. проф. (Қазақстан)
Султанов Казбек	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф. (РФ, Башқұртстан)
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф. (Ресей)
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф. (Қазақстан)
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., қауымд. проф. (Қазақстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Түркия)
Янковский Генрих	PhD, проф. (Польша)

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Сатпаев к-сі, 2, 408 б.

Тел.: (7172) 709-500 (ішкі 31413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Жауапты редактор, компьютерде беттеген Құрманғалиев Ілияс

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы

Меншіктенуші: ҚР БжҒМ «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» ШЖҚ РМК

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Тиражы: 35 дана

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі, 12/1, тел.: (7172)709-500 (ішкі 31413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief **Dihan Kamzabekuly**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Deputy Editor-in-Chief **Zharkynbekova Sholpan**
Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof. (Azerbaijan)
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof. (Kyrgyzstan)
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof (Russia)
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, (Kazakhstan)
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof (Romania)
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Erzhiasun Güljanat	PhD, assos. Prof (Turkey)
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Henryk Jankowski	PhD, Prof. (Poland)
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof. (RF, Bashkortostan)
Metin Ekiji	PhD, Prof. (Turkey)
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof. (RF, Tatarstan)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof. (Germany)
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof. (Uzbekistan)
Rivers William Patrick	PhD, Prof. (USA)
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sultanov Kazbek	Doctor of philology, Prof. (Russia)
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof (Kazakhstan)
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, assos. Prof. (Kazakhstan)
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)
Zhang Dingjing	PhD, Prof. (China)
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof. (Kazakhstan)

Editorial address: 2, Satpayev str., of.408, Astana, Kazakhstan, 010008
Tel.: (7172) 709-500 (ext. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Executive editor, computer layout: Ilyas Kurmangalyev

Bulletin of the L.N.Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Republican State Enterprise in the capacity of economic conduct «L.N.Gumilyov Eurasian National University» Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 35 copies

Address of printing house: 12/1 Kazhimukan str., Astana, Kazakhstan 010008; tel.: (7172) 709-500 (ext.31413)

© L.N.Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф. (Казахстан)

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф. (Азербайджан)
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф. (Киргизстан)
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. (Россия)
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. (Румыния)
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., (Казахстан)
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Жан Динжин	PhD, проф. (Китай)
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Ержласун Гульжанат	PhD, ассос. проф. (Турция)
Каскабасов Сейит	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Негимов Серик	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф. (РФ, Татарстан)
Райхл Карл	д.ф.н., проф. (Германия)
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф. (Узбекистан)
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф. (США)
Сатенова Серикгуль	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Султанов Казбек	д.ф.н., проф. (Россия)
Тажибаева Сауле	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф. (РФ, Башкортостан)
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф. (Россия)
Шарип Амантай	д.ф.н., проф. (Казахстан)
Шарипова Гульбану	к.ф.н., ассос. проф. (Казахстан)
Экиджи Метин	PhD, проф. (Турция)
Янковский Хенрих	PhD, проф. (Польша)

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Сатпаева, 2, каб. 408
Тел.: (7172) 709-500 (вн. 31413)
E-mail: vest_phil@enu.kz

Ответственный редактор, компьютерная верстка Ильяс Курмангалиев

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: РГП на ПХВ «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева» МОН РК
Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018г.
Периодичность: 4 раза в год
Тираж: 35 экземпляров
Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Астана, ул. Кажимукана, 12/1, тел.: (7172)709-500 (вн.31413)

Мазмұны

<i>Абасилов А.М.</i> Жаңа қазақ әліпбиі: әлеуметтік лингвистикалық мәселелері, оларды шешу жолдары	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» жырының діни мотивтері ..	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Қасқатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Сан компонентті кейбір киелі ұғымдардың қалыптасу тарихынан	21
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Мифтік кеңістіктегі <i>адамзат</i> пен <i>пері-зат</i> байланысы және оның көркем әдебиетте бейнеленуі	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Л.З. Будаговтың «Түрік-татар сөздерінің салыстырмалы сөздігінің» қазақ лексикографиясындағы орны	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Кәсіби-бағытталған шетел тілін үйренудің тұлғалық-бағытталған тәсілі	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – сан қырлы дарын иесі	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Ұлы Дала көне есептері және оның Бөлтірік шешен шығармашылығындағы көрінісі	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова Ә.А.</i> Студенттердің тілдік компетенциясын қалыптастыруда аутенттік мәтіндерді қолдану	74
<i>Ерғалиева Райхан</i> Қазіргі заманғы қоғамдағы ұлттық мәдени мұраның проблемалары	76
<i>Жұманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Студенттерде шетелдік құзыреттілікті қалыптастыру	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Заманауи лингвистикадағы бағалау теориясының дамуы	86
<i>Құзбакова Г.Ж.</i> Қазақ әдет-ғұрыптық ән ырғақтылығындағы сөз просодикасы	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Ағылшын тілін үйрену мен оқытудың маңыздылығы	105
<i>Лазухина Л.В., Әбдіғалиева Т.А.</i> У. Шекспирдің «Отелло» пьесасындағы одағайлардың қазақ тіліне аударылуына талдау	109
<i>Нұрдәулетова Б.И.</i> Жыраулар поэзиясы мәтінінің коммуникативтік ерекшелігі	116
<i>Нұржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Интернет көмегімен ағылшын және қазақ тілінің сөздік қорын оқыту әдістемесі	123
<i>Нұржаубек А.</i> Қазіргі әлемдік және отандық лингвистикадағы фрейм туралы ізденістер	129
<i>Оспанова А.К., Турдығылова А.К., Бакенова А.М.</i> Шетел тілі мұғалімдерінің рефлексивті қабілеттіліктерін дамуы	139
<i>Тұрысбек Р.</i> Ұлттық тіл табиғаты: әліпби мәні мен эволюциясы (<i>Латын графикасына негізделген қазақ тілі әліпбиінің тарихы мен даму үрдістері туралы</i>)	146
<i>Рысбаева Г.Қ., Исаева Ж.Т., Тұңғышбаева Ғ.Ж.</i> Ғаламның тілдік «культ» концептісі	155
<i>Сәрсекенова Қ.Қ., Меліс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту	166
<i>Шаймерденова Н.Ғ.</i> Қазақстандағы татарлардың тарихы, тілі, мәдениеті	173
<i>Жазбадерек.</i> Гуманитарлық ғылымдарға саясимәдениет әлемінде заманауи зерттеу	185
<i>Рәсімдеу үлгісі</i>	188

Contents

<i>Abasilov A.M.</i> New Kazakh Alphabet: Sociolinguistic Problems and Their Solutions	8
<i>Abduov M.I., Abduova N.M.</i> Religious Motifs in “Kozy Korpesh – Bayan Sulu” Poem	15
<i>Abdrzakova A.A., Akhmetova B.B., Kaskatayeva Zh.A., Bakenova A.M.</i> From History of Development of Some Sacral Concepts with Numerical Component	21
<i>Aimukhambet Zh.A.</i> The interdependence of humanity with the fairy in the mythical space and its reflection in the artistic literature	30
<i>Amangazyieva M.K.</i> L.Z.Budagov’s «Comparative Dictionary of Turkish-Tatar Words» in Kazakh Lexicography	38
<i>Aubakirova G.T., Volodina E.O., Kalieva S.N.</i> Personally-Oriented Approach in Teaching Professionally-Oriented Foreign Language	44
<i>Baibek A.K.</i> Ykili Ybray – Versatile Master of Transformations	51
<i>Baybekov S.N., Shormakova S.M., Ayazbekova I.M.</i> Ancient Tasks of the Great Steppe and Their Place in Boltirik Sheshen’s Work	63
<i>Gauriyeva G.M., Zhumabekova A.A.</i> Use of Authentic Texts for Formation of Students’ Linguistic Competence	74
<i>Yergaliyeva Rakhan</i> The Problem of National Cultural Heritage in Modern Society	76
<i>Zhumanbekova N.Z., Kabdusheva A.B.</i> Formation of Foreign Competencies in Students	81
<i>Iskakova N.S., Islam A.</i> Development of Evolution Theory in Modern Linguistics	86
<i>Kuzbakova G.Zh.</i> Prosody of the Word in Kazakh Ritual Song Rhythmics	96
<i>Kydyrmoldina M.S., Nurzhanova Zh.D.</i> The Importance of Learning and Teaching English Language	105
<i>Lazukhina L.V., Abdygalieva T.A.</i> Analysis of the translations of U. Shakespeare’s «Othello» plays in the Kazakh language	109
<i>Nurdauletova B.I.</i> Communicative Peculiarities of the Bard Texts	116
<i>Nurzhanova Zh.D., Dadekhan Zh.B.</i> Teaching English and Kazakh vocabulary by means of the Internet	123
<i>Nurzhaubek A.</i> Frame Research in the Modern World and Domestic Linguistics	129
<i>Ospanova A.K., Turdygylova G.D., Bakenova A.M.</i> Development of Reflexive Abilities of Foreign Languages Teacher	139
<i>Turysbek R.</i> Kazakh Inscription is Spirituality (About the history and trends of the Kazakh language based on Latin graphics)	146
<i>Rysbayeva G.K., Issayeva Zh.T., Tungushbayeva G.Zh.</i> Concept of “Cult” in Linguistic Picture of the World	155
<i>Sarekenova K.K., Melis A.M., Toybekova S.R.</i> Training Graduates of Philology Specialty in the Field of Computer Technology	166
<i>Shaymerdinova N.G.</i> The History, Language and Culture of Tatars in Kazakhstan	173
Chronicle. Modern research on humanitarian sciences in the polycultural peace	185
Template	188

Содержание

<i>Абасилов А.М.</i> Новый казахский алфавит: социолингвистические проблемы, пути их решений	8
<i>Абдуов М.И., Абдуова Н.М.</i> Религиозный мотивы в лиро-эпическом произведений «Козы Корпеш – Баян сулу»	15
<i>Абдразакова А.А., Ахметова Б.Б., Каскатаева Ж.А., Бакенова А.М.</i> Из история развития некоторых сакральных понятий с компонентами числительных	21
<i>Аймухамбет Ж.А.</i> Взаимосвязь человечества с феи в мифическом пространстве и его отражение в художественной литературе	30
<i>Амангазиева М.К.</i> Роль «Сравнительного словаря турецко-татарских наречий» Л.З. Будагова в казахской лексикографии	38
<i>Аубакирова Г.Т., Володина Е.О., Калиева С.Н.</i> Личностно-ориентированный подход в обучении профессионально-ориентированному иностранному языку	44
<i>Байбек А.К.</i> Үкілі Ыбырай – многоликий мастер перевоплощений	51
<i>Байбеков С.Н., Шормакова С.М., Аязбекова Э.М.</i> Древние задачи Великой Степи и их место в творчестве Болтирик шешена	63
<i>Гауриева Г.М., Жумабекова А.А.</i> Использование аутентичных текстов при формировании языковой компетенции студентов	70
<i>Ергалиева Р.А.</i> Проблемы национального культурного наследия в современном социуме	76
<i>Жуманбекова Н.З., Кабдушева А.Б.</i> Формирование иноязычных компетенций у студентов	81
<i>Искакова Н.С., Ислам А.</i> Развитие теории оценки в современной лингвистике	86
<i>Құзбақова Г.Ж.</i> Просодика слова в казахской обрядовой песенной ритмике	96
<i>Қыдырмолдина М., Нуржанова Ж.</i> Важность обучения и преподавания английского языка	105
<i>Лазухина Л.В., Абдигалиева Т.А.</i> Анализ перевода на казахский язык междометий пьесы У. Шекспира «Отелло»	109
<i>Нурдаулетова Б.И.</i> Коммуникативные особенности текстов жырау	116
<i>Нуржанова Ж.Д., Дадехан Ж.Б.</i> Приемы изучения английской и казахской лексики с помощью интернет	123
<i>Нуржаубек А.</i> Фреймовый подход в современной отечественной и мировой лингвистике	129
<i>Оспанова А.К., Турдыгылова А.К., Бакенова А.М.</i> Развитие рефлексивных умений учителей иностранных языков	139
<i>Турысбек Р.</i> Природа национального языка: сущность и эволюция алфавита (<i>Об истории и тенденциях казахского языка на основе латинской графики</i>)	146
<i>Рысбаева Г.К., Исаева Ж.Т., Тунгышбаева Г.Ж.</i> Концепт «Культ» в языковой картине мира	155
<i>Саркенова К.К., Мелс А.М., Тойбекова С.Р.</i> Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий	166
<i>Шаймерденова Н.Г.</i> История, язык, культура татар в Казахстане	173
<i>Хроника.</i> Современные исследования по гуманитарным наукам в поликультурном мире ...	185
Образец оформления статьи	188

XFTAP 16.31.21

Қ.Қ. Саркенова¹, А.М. Меліс², С.Р. Тойбекова³

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(E-mail: ¹sareke.kk@gmail.com, ²aishok_051995@mail.ru, ³S_Toybekova@mail.ru)

Филология мамандығы бойынша білім алушыларды компьютерлік технология бағытында оқыту – заман талабы

Аңдатпа. Бұл мақалада жоғары оқу орындарында филолог-студенттерді қолданбалы лингвистика саласының маманы, қосымша компьютерлік бағдарламашы мамандығын бірге оқыту жолдары мен тәсілдері қарастырылады. Себебі қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстар мен фактілерді дәстүрлі грамматика тұрғысынан ғана емес, тілдің қолданбалы салалары тұрғысынан зерттеп, зерделеу қалыптасып, берік орнықты деуге болады. Мақалада алдымен, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының лингвистикадағы рөлі түсіндіріліп, одан кейін М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қолданбалы лингвистика бөлімінің бағдарламасы негізінде филолог-мамандарға филологиялық пәндермен қоса «Қолданбалы математика» және «Бағдарламалау негіздері» т.б. пәндерді білім беру бағдарламасының қай мерзімінде оқытылуы керектігі және бұл пәндердің мазмұнында не оқытылуы керектігі туралы айтылады.

Мұның өзі қазір ғылым мен техниканың жетістіктерін өмірдің барлық салаларында, оның ішінде филологияда, кеңінен қолданылуымен байланысты болып отыр. Бұл, әрине қазіргі қоғамды компьютерлендіру процесімен байланысты екені белгілі. Сондықтан филология мамандығының түлектерін компьютерлік технология бағытында оқыту үшін қандай пәндер және ол пәндер нені меңгеруі тиіс екені көрсетілді.

Түйін сөздер: филология, қолданбалы лингвистика, лексика, морфология, синтаксис, компьютерлік лингвистика, қолданбалы математика, бағдарламалау, типтер, класстар.

Кіріспе. XXI ғасыр – бұл дамудың космостық жылдамдықпен белең алып жатқан кезеңі. Күн санап әлем қарыштап дамуда. Әлемдік прогрестен шеттеп қалмас үшін барлық мемлекеттер экономикалық, саяси тұрғыда бәсекелеске түсе отырып, жаңа, нық қадамдар жасауда. Әрине, оның ең ұтымды, жеңіл жолы – жаңа технология.

Біздің мемлекетіміз де бұдан қалыс қалған емес. Оның үлкен бір дәлелі – «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы. Жалпы, цифрлы технология біздің өмірімізге тәуелсіздігіміздің бастапқы жылдары-ақ батыл енгізіле бастады. Ең алдымен, мектептерді жаппай компьютерлендіру қолға алынды. Компьютерлер кеңседе де, үйде де негізгі ақпараттық құрал ретінде пайдаланыла бастады, ақпаратпен орындалатын кез келген жұмыс компьютер көмегімен жүзеге асырылатын болды. Ақпаратты сақтау да, тасымалдау да жолға қойылды. Сымсыз телефондар, желілік телеарна – осы бағдарламаның жемісі. Жаңа дамып келе жатқан жасанды интеллект белгілі бір алгоритм жоқ жерде пайдалануға жол ашады.

Ғылымның барлық саласында жаппай қолға алынып отырған бұл үрдістен тіл білімі саласы да қалыс қалмайды. Ал оны кәсіби тұрғыдан жүзеге асыру үшін, ең алдымен, осы саланың мамандары білікті де білімді болу керек. Және тіл ғылымына да сауатты, бағдарламалық қамтамасыз ету амалдары мен тәсілдерін де жетік меңгеруі керек. Ол үшін, әрине, жоғары оқу орындарында кәсіби мамандар даярлануы тиіс.

Мақаланың мақсаты мен міндеттері: Бұл мақаланы жазудағы негізгі мақсат – ҚР БҒМ 2018-2020 жылдарға арналған гранттық қаржыландыру аясында орындалып жатқан «5B020500 – Филология: Қазақ тілі» мамандығы бойынша білім берудің ғылыми-концептуалдық негіздемесін «жаһандық бәсеке және ұлттық код» контекстінде жаңарту» атты ғылыми жобаның негізінде «Филолог және IT маманы» бағытында білікті маман даярлаудың алғышарттарын қарастыру. Осы мақсатқа жету үшін мынадай міндеттерді шешу көзделді:

- «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бойынша ғылымның барлық саласында жаппай қолға алынып отырған компьютерлендіру үрдісінің тіл білімі саласында жүзеге асырылатын міндеттерді және филолог-мамандардың еліміздің қоғамдық өміріндегі орнын анықтау;
- қазіргі таңда компьютерлік лингвистика бағытындағы қолданбалы лингвистика саласы бойынша атқарылып жатқан іс-шараларды көрсету;
- компьютерлік лингвистика саласы бойынша жоғары білімді маман дайындау үшін оқытылатын филологиялық пәндермен бірге бағдарламалық қамтамсыз ету саласы бойынша оқытылатын пәндер циклын айқындау;
- болашақ маманның филологиялық білімі мен бағдарламалық қамтамсыз ету саласы бойынша меңгерген біліміне қойылатын талаптарды белгілеу.

Зерттеу әдістері: Мақаланы жазу барысында гуманитарлық білім саласындағы алыс және жақын шетелдердің, отандық білім беру жүйелерінің озық тәжірибелерін талдауға және зерттеуге басымдылық беріледі. Осы орайда ғылыми зерттеудің салыстырмалы-сипаттау әдісі, талдау, жүйелеу, сұрыптау, синтездеу, сараптау және т.б. амал-тәсілдері қолданылады.

Нәтижелері мен талқылаулары: Бүгінгі күні нақты мақсат, міндеттері айқындалып, арнайы бағыттармен жұмысқа кіріскен бағдарламаның құрылымына тоқтала кетсек. 2017 жылғы 12 желтоқсанда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №827 Қаулысымен «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді. Бұл бағдарламаның негізгі мақсаты орта мерзімді перспективада Қазақстан Республикасы экономикасының даму қарқынын жеделдету және цифрлық технологияларды пайдалану есебінен халықтың өмір сүру сапасын жақсарту, сондай-ақ ұзақ мерзімді перспективада Қазақстанның экономикасын болашақтың цифрлық экономикасын құруды қамтамсыз ететін түбегейлі жаңа даму траекториясына көшіруге жағдай жасау болып табылады.

Осы мақсатқа қол жеткізу дамудың екі бағыты бойынша жүруді білдіреді:

1. «Қазіргі экономиканы цифрландыру» – нақты сектордағы нақты жобалардан тұратын прагматикалық бастауды қамтамсыз ету, экономиканың қазіргі салаларын, мемлекеттік құрылымдарды цифрландыру және оларды технологиялық қайта жабдықтау жобаларын іске қосу және цифрлық инфрақұрылымды дамыту.

2. «Болашақтың цифрлық индустриясын құру» – адами капиталды дамыту деңгейін көтеру, инновациялық даму институттарын құру және жалпы алғанда, цифрлық экожүйені қарқынды дамыту есебінен ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамсыз ету, елдің цифрлық трансформациялауды іске қосу [1].

Ғылымның барлық саласында жаппай қолға алынып отырған бұл үрдіс тіл білімі саласында да тыңғылықты жүзеге асуда. Қазіргі тіл білімінде тілдік құбылыстар мен фактілерді дәстүрлі грамматика тұрғысынан ғана емес, тілдің қолданбалы салалары тұрғысынан зерттеп, зерделеу қалыптасып, берік орнықты деуге болады. Мұның өзі қазір ғылым мен техниканың жетістіктерін өмірдің барлық салаларында кеңінен қолданылуымен байланысты болып отыр. Сондықтан да тіл мамандары мен математика, инженерлік ғылым мамандарының бірлесуімен ерекшеленетін тіл білімінің қолданбалы саласы инженерлік лингвистика бүгінгі күннің лингвистикасының маңызды саласына айналып отыр. Осы саланың әрбір кезеңінде көтерген проблемаларымен тығыз байланысты туындап отырған ғылымдардың ішінде компьютерлік лингвистика ең жаңасы және ерекше назарға іліккені болып отыр. Бұл, әрине қазіргі қоғамды компьютерлендіру процесімен байланысты екені белгілі.

Компьютерлік лингвистика – информатиканың лингвистикалық негіздерін және тілдік байланыстардың барлық барлық аспектілерін, ойлау мен ақиқаттықты модельдеу әрекеттерін компьютерлік программалар арқылы тікелей зерттеп танумен айналысатын ғылым саласы [2, 5].

«Компьютерлік лингвистика» термині (computational linguistics), негізінен, тіл қызметін модельдеуге қатысты пайдаланылатын компьютерлік бағдарламалар мен тілдік деректерді өңдеу, сол үшін қажетті компьютерлік технологияны жинақтау және компьютердің арала-

суына қатысты басқа да тіл зерттеу жұмыстарымен байланысты қолданылады. Кең мағынада алғанда, тіл білімі аясына қатысты теориялық және практикалық мәселелердің шешімін табуға байланысты компьютердің араласу жағдайларының бәрін бірдей компьютерлік лингвистика саласына жатқызуға болады [2, 7].

Компьютерлік лингвистиканың негізгі міндеті – ЭЕМ-да қарым-қатынас жасау үшін жасанды тілдердің құрылуымен байланысты компьютерлік технологияның лингвистикалық мәселелерін шешу, бағдарламаларды лингвистикалық құралдармен қамту, деректер қорын құру, түрлі сөздіктер мен глоссарийлер құрастыру, мәтіндерді өңдеу алгоритмі, тілдің семантикалық кодын ескере отырып, түрлі тілдік үрдістерді үлгілеу. Сөйлемді толықтыру, таңдау, артық элементті алып тастау сияқты жаттығулар тез автоматтандырылады.

2019 жылдан бастап жоғары білім беру жүйесіне айтарлықтай өзгешеліктер де енгізілмекші. Бұл өзгерістерді ескерсек, 1) Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына арнаған «Қазақстан жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» жолдауында «Мәңгілік Ел» идеясын еліміздің жан-жақты дамуының ұлттық және саяси платформасы ретінде ұсынуына [3], «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» жолдауының [4] заңды жалғасы іспетті «Болашаққа бағдар. Рухани жаңғыру» атты мақаласында «ұлттық код, ұлттық мәдениет, ұлттық бірегейлікті сақтау», «ұлттық сана-сезімнің көкжиегін кеңейту», «білімнің салтанат құруы», «мәдени қазыналарды әлем жұртшылығына таныту» міндеттерін ХХІ ғасырдағы рухани жаңғырудың басты шарттары тұрғысынан саралап көрсетуіне орай [5] қазақ тілінің «ұлт тілі» ретінде дамуының сапалық жаңа кезеңі басталды деуге болады.

ХХІ ғасырда қазақ тілі – «Мәңгілік Елдің Мәңгілік тілі» адамдар арасындағы қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар қазақ халқының ой-танымы мен сана-сезімінің құралы, қазақ этносының сан ғасырлық тәжірибесін жинақтаушы, қоғамдық білімін қордалаушы және оны келер ұрпаққа жеткізуші танымдық, мәдени, әлеуметтік феномен ретінде өзінің когнитивтік-кумулятивтік және аксиологиялық-бағалаушы тетіктерін толыққанды іске қосып, дамудың жаңа сатысына көтеріледі, ары қарай «ұлтаралық тіл» болуға бет бұрады. Осылайша қазақ тілі – мемлекеттік тіл, ұлт тілі және ұлтаралық тіл ретінде ХХІ ғасырдағы рухани жаңғырудың бірегей тетігіне айналады. Осы кезеңде гуманитарлық зиялы қауым өкілдерінің жаңа буынының, әсіресе, «Қазақ филологиясы» мамандығы бойынша білім алатын тіл жанашырларының әлеуметтік үні айрықша маңыздылыққа ие болары сөзсіз. Сонымен қатар «Қазақ филологиясы» мамандығының түлектері «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасына да өз үндерін қоса білуі өті маңызды болмақ. Ол үшін болашақ филологтар «Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету» мамандығының қыр-сырын меңгеріп шығуы тиіс.

«Бүгінгі таңда қазақ тіл білімін зерттеу бойынша компьютерлік лингвистика бағытында біраз ізденістер жасалуда. Солардың ішінде қазақ тілінің қолданбалы лингвистикасы ерекше қарқынмен даму үстінде. Оған себеп - жаһандану аясында қолданыстағы заманауи автоматты құралдарды қазақ тілінде сөйлетуге деген қажеттілік. Мемлекеттік тілімізді өз тұғырында сақтап қалғымыз келсе, оның қолданыс аясын кеңейткіміз келсе, заман талабына сай халық қолданысындағы автоматты құралдардың да өз тілімізде сөйлеуін қамтамасыз етуіміз тиіс. Бұл бағыттағы алғашқы отандық зерттеушілердің бірі болып А. Жұбанов қазақ тілінің компьютерлік лингвистикасына шолу жасаған болатын. Бүгінде Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті жанынан А.Ә. Шәріпбаевтың басқаруымен ашылған «Жасанды интеллект институты» қазақ тілінің компьютерлік лингвистикасын дамыту бағытында жұмыстар атқаруда. 1998 жылдан бері қарай бұл бағытта ІТ-компаниялар жұмыс істей бастады. Олар қазақ тілін халықаралық кодтау стандарттарындағы қосымшаларды қолдау, алғашқы қазақ тіліндегі мәтіндердің орфографиясын тексеру, алғашқы орыс-қазақ машиналық аударма жүйелері тәрізді қазақ тілінің компьютерлік лингвистикадағы алғашқы

қадамдарын жүзеге асырды. Бүгінгі таңда компьютерлік лингвистика бағыттарының біріндегі алғашқы талпыныстар нәтижесі болып таныла алатын tilmash.kz, audaru.kz, soylem.kz, sozdik.kz тағы басқа орыс-қазақ, қазақ-орыс аударма сөздіктері қызмет атқаруда» [6, 243-244].

Сонымен қатар, қазіргі қазақ әліпбиінің латын графикасына көшіруде де филологтар мен компьютер саласы мамандарының пікірі бірдей білдірілуде. Және көбіне бір-бірімен келіспей қалатын тұстары да көптеп кездеседі. Болашақта мұндай келіспеушіліктердің алдын алу үшін болашақ ұрпақ осы екі мамандық бойынша білім алып, екі тараптың жұмысын үйлестіре алуы маңызды мәселенің шешімі болады деп сенеміз. 2018 жылғы ҚР БҒМ білім беру гранттарының тізіміне қарап отырсақ, Химия-Биология, Математика-Физика, Математика-Информатика, Физика-Информатика, География-Тарих, Тарих-Дінтану секілді бағыттарға мемлекеттік гранттар бөлінді. Олай болса, Филология-Бағдарламалық қамтамасыз ету бағыты да біраз мәселені шешер еді.

Ол үшін қолданбалы лингвистика мен қолданбалы математика бағытын үйлестіріп, жаңа талаптарға жауап беретін мамандарды даярлауды уақыт өткізбей қолға алуымыз керек. Бұл бағыттағы мамандарды даярлау шетел университеттерінің көпшілігінде жүзеге асырылады. М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің Қолданбалы лингвистика бөлімінің оқу жоспарлары мен жұмыс бағдарламалары негізінде мынадай тұжырымдарға келдік.

Жоғарыда атап өткендей цифрлы техниканың негізінде жүзеге асып отырған тіл білімінің бір саласы – **қолданбалы лингвистика**. Жаңа заман талабына сай бұл салаға көптеген арнайы филолог-бағдарламашы мамандар даярлануы тиіс. Жалпы фундаменталды және қолданбалы лингвистика бөлімінде білім беру келесі қағидаттарға сәйкес құрылады:

1) білім беру кезінде математиканы (математика тілін, ықтималдылық үлгісін, математикалық статистиканы, ақпарат мен кодтау теориясын, алгебраны, математикалық логиканы, грамматикалардың математикалық теориясын) күшейтіп оқыту;

2) лингвистикалық білімдерді – тілдің ішкі құрылымының, салыстырмалы-тарихи тіл білімінің, тілдер типологиясының, лингвистиканың формалды аппаратының, психолингвистиканың, әлеуметтік лингвистиканың теорияларын тереңнен меңгерту, сонымен қатар «қолданбалы лингвистика негіздері», «сөйлеу мен мәтінді автоматты өңдеу», «квантитативті лингвистика», «заманауи қолданбалы лингвистика» курстары шеңберінде лингвистикалық теорияның өзекті қосымшаларын меңгерту.

Мысалы, «Бағдарламалау негіздері» бағытында филологиялық пәндермен қоса алғашқы төрт семестрде болашақ филологтар үшін маңызды бағыт болып табылатын «Қолданбалы математика» бағытымен таныстырады. Филологиялық зерттеулерді компьютерлендіру – компьютерлік технологияны лингвистикалық немесе әдеби мәселелер үшін пайдаға жарата білу, яғни программалау дағдысын қалыптастыру. Бұл бағытта, алдымен, «Компьютерлік сауаттылық» кіріспе пәні оқытылады да, ары қарай «Бағдарламалау негіздері» атты курсты 5 семестр бойында Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету мамандары оқытады.

Компьютерлік лингвистика бағытындағы болашақ филологтар мынадай мәселелерді меңгеруі тиіс:

1. Лингвистикалық білімді меңгеру. DATR лексикалық білімді меңгеру тілі және оны компьютерде жүзеге асуы.

2. Морфологиялық талдау және жинақтау. Морфологияның көпдеңгейлі модельдерін қолданатын анализаторлар.

3. Синтаксистік талдау. Грамматиканың тікелей құрамаларын қолданатын анализаторлар. Сапалық шектеулер мен бірізділік секілді анализаторлардың лексика-синтаксистік интерфейсі. Тәуелділік формализмін қолданатын анализаторлар.

4. Қолданбалы лексикография. Табиғи тілдің өңдеу жүйесінде іске қосылған сөздіктерге қойылатын талаптар. Мұндай сөздіктер құраудың жалпы ұстанымдары мен қолданбалы тәсілдері.

5. Компьютерлік аударма. Тікелей аудармаға негізделген компьютерлік аударманың

қазіргі жүйелері. Трансферлі аударма жүйесі. Аударманың сапасы және оны бағалау. Жүйенің екі түрін салыстырмалы талдау.

6. Деректер қоры. Деректер қорының құрылымы, оның пән саласына тәуелділігі.

7. Гипермәтіндік технологиялар. Гипермәтіндік құжаттарды құру және редакциялау.

8. Корпустық лингвистика. Мәтін корпусына қолжеткізуді қамтамасыз ететін жүйелер: WordCruncher, DIALEX, UNILEX. Конкорданстар құрастыру.

9. Мәтіннің пайда болуы. Мәтін генераторлары. Генераторларда қолданылатын мәтін грамматикасы. Сюжет генераторлары.

Лингвистика бағытындағы бағдарламашының меңгеруі тиіс білімі:

1. Типтерді сипаттау бөлімі. Қолданушының сұраныстарына жауап беретін мәліметтер типтерін құрастыру.

2. Деректердің реттік типтері және тип-диапазондар, оларды қолдану тәжірибесі.

3. Деректердің бүтін типтері, оларды қолдану.

4. Деректердің санамалы (перечисляемые) типтері, оларды деректердің қолданушы типтерін жасау үшін қолдану (күнтізбе үлгісінде).

5. Заттық-айғақтық (вещественные) типтер. Жуықтау арифметикасын қолдану әсерлері.

6. ARRAY және STRING типтерін жүзеге асырудың ерекшеліктері.

7. SET деректерінің типтері (жиындар), сәйкес қолданулар үлгісі.

8. Объект туралы бүтін ақпаратты сақтау тәсілі ретіндегі жазбалар. Экран формалары арқылы жазбаларды енгізу/шығару (ввод/вывод) жазбалар жиынтығы түріндегі кестелер мен картотекаларды ұйымдастыру.

9. Объекттер (класстар) және объектіге бағытталған бағдарламалаулар туралы бастапқы білім.

10. Сілтемелер мен көрсеткіштер. Динамикалық жадты пайдалану. Деректер құрылымын сілтемелік жүзеге асыру (бір байланысты тізім үлгісінде).

11. Файлдық типтер; дискімен ақпарат алмасуды бағдарламалау. Типке түсірілген және мәтіндік файлдар. Типке түсірілген жазба файлдар түріндегі кестелерді ұзақ мерзімге сақтауды ұйымдастыру. Электронды картотекалар. Индекстердің файлдары және бинарлы ізденіс.

Ерекше назар бағдарлама жасауға аударылып, Web-дизайн аясында жұмыс істеуге, автоматты аударма бағдарламаларын жасақтауға, компьютерлік сөздіктерді құруға мүмкіндік береді.

Қорытынды: филология мамандығын бағдарламалық қамтамасыз ету мамандығымен үйлестіріп оқыту – лингвистика, жалпы филология, саласында өз жемісін беретін шара болады. Атап айтқанда, филологиялық білім мен бағдарламалық қамтамасыз ету саласындағы білімді игерген маман, а қойылатын талаптар – ЭЕМ-да қарым-қатынас жасау үшін жасанды тілдердің құрылуымен байланысты компьютерлік технологияның лингвистикалық мәселелерін шешу, бағдарламаларды лингвистикалық құралдармен қамту, деректер қорын құру, түрлі лингвистикалық сөздіктер мен глоссарийлер құрастыру, мәтіндерді өңдеу алгоритмі, тілдің семантикалық кодын ескере отырып, түрлі тілдік үрдістерді үлгілеу. Сондай-ақ сөйлемді толықтыру, орындарына қою, таңдау, артық элементті алып тастау сияқты жағтынулар тез автоматтандырылады.

Осы негізде, компьютерлік лингвистика ЖОО орнында тек пән ретінде ғана оқытылып қоймай, практикалық тұрғыдан жүзеге асып, мықты мамандар жұмысы жасақталуы керек. Сонда ғана цифрлы Қазақстанның тіл білімі саласындағы жұмысы жемісті болмақ.

Әдебиет тізімі

1 «Цифрлық Қазақстан»: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 12 желтоқсанда №827 Қаулысымен бекітілген мемлекеттік бағдарлама <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/P1700000827>.

2 Жұбанов А.Қ. Компьютерлік лингвистикаға кіріспе: Оқу құралы. – Алматы, 2013. –204 б.

3 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. 2014 жылғы 17 қаңтар, Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ (<http://www.akorda.kz/> 17.01.2014ж.).

4 Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. 2017 жылғы 31 қаңтар, Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік (<http://www.akorda.kz/> 31.01.2017ж.).

5 Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» // «Егемен Қазақстан» газеті, №70 (29051) 12 сәуір, 2017 (<https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>).

6 Игенберлина А.Е. Қазақ эпостарының жиілік сөздіктерін құрастыруға негіздеме. // «Қазақ лингвофольклортануының бүгіні мен болашағы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: Л.Н.Гумилев ат. ЕҰУ баспасы, 2016. – Б. 243-248.

К.К.Сарекенова¹, А.М.Мелс², С.Р. Тойбекова³

¹²³*Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан*

Обучение выпускников филологических специальностей в области компьютерных технологий – требование времени

